

Батыс Қазақстан облысы
Казталов ауданы
"Нұрхан" ЖК
Балбөбек жеке бөбекжайы.

Бекітемін:

«Балбөбек» жеке бөбекжайының директоры А.А.Төлеугалиев



"Асыл ана" аналар мектебінің жұмыс жоспары

2023-2024 оқу жыл

**«Балбөбек» жеке бөбекжайының 2023-2024 оқу жылына арналған
«Аналар мектебі» үйірмесінің жылдық жұмыс
жоспары**

с	Айлар	Тақырыбы	Мақсаты мен мазмұны	Өткізу форматы	Жауаптылар
	Қыркүйек	«Аналар мектебіне қош келдіңіз!»	Ата-аналарды «Аналар мектебі» жұмысының мақсат-міндеттерімен таныстыру, бөбекжай мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту.	Конференция	Әдіскер Тәрбиешілер
2	Қазан	Баланың бөбекжайға бейімделуі»	Баланың бөбекжайға тез әрі жеңіл бейімделуіне көмектесу. Бейімделу кезеңінің ерекшеліктерін түсіндіру; Ата-аналарға практикалық кеңестер беру.	Дөңгелек үстел	Тәрбиешілер Ата-аналар
3	Қараша	«Отбасындағы дұрыс қарым-қатынас»	Отбасындағы жылы қарым-қатынастың маңызын түсіндіру.	Тренинг	Тәрбиешілер Ата-аналар
4	Желтоқсан	«Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы»	Ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрдің бала тәрбиесіндегі маңызын түсіндіру.	Шеберлік сыныбы	Тәрбиешілер Ата-аналар
5	Қаңтар	«Бала денсаулығы – басты байлық»	Баланың денсаулығын сақтау жолдарын түсіндіру.	Семинар	Медбике Тәрбиешілер Ата-аналар

Ақпан	«Ерте жастағы сөйлеуді дамыту»	Үй жағдайында сөйлеуді дамыту әдістерімен таныстыру.	Практикалық кеңес	Тәрбиешілер Ата-аналар
Наурыз	«Ана – өмір шуағы»	Анаға құрмет көрсету, отбасы құндылықтарын насихаттау.	Мерекелік кездесу	Тәрбиешілер Ата-аналар
Сәуір	«Дамытушы ойындардың маңызы»	Үй жағдайында қолданылатын дамытушы ойындарды көрсету.	Шеберлік сыныбы	Тәрбиешілер Ата-аналар
Мамыр	«Жылдық қорытынды»	Бірлескен жұмысты қорытындылау және ата-аналардың пікірін білу. Мерекелік концерт	Конференция	Тәрбиешілер Ата-аналар

2 (pxi) бет нөмірін баумен
тігілді, морленді

«Нұрхан» ЖК жетекшісі А. А. Төлеуғалиев



Балбөбек жеке бөбекжайы

Дөңгелек үстел:

Тақырыбы:

«Баланың бөбекжайға бейімделуі»

Тәрбиеші: А.Ж.Фатхоллина

2023-2024 оқу жылы

Дөңгелек үстел тақырыбы:

«Баланың бөбекжайға бейімделуі»

Мақсаты: Баланың бөбекжайға тез әрі жеңіл бейімделуіне жағдай жасау, бейімделу кезеңінің ерекшеліктерін түсіндіру және ата-аналарға тиімді практикалық кеңестер беру.

Міндеттері:

- Баланың бөбекжайға бейімделу кезеңінің психологиялық ерекшеліктерімен таныстыру;
- Баланың жаңа ортаға үйренуіне ата-ананың ықпалын түсіндіру;
- Ата-аналарға үй жағдайында қолдануға болатын әдіс-тәсілдер ұсыну;
- Тәрбиеші мен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Дөңгелек үстел барысы:

1. Кіріспе бөлім

- Қатысушылармен амандасу;
- Тақырыптың өзектілігін түсіндіру;
- Баланың бөбекжайға келуі – оның өміріндегі маңызды кезең екені туралы әңгіме.

2. Негізгі бөлім

«Бейімделу кезеңі дегеніміз не?»

- Бала жаңа ортаға, тәрбиешіге, күн тәртібіне үйренеді;
- Бейімделу кезінде жылау, ата-анадан ажырағысы келмеу, тәбет пен ұйқының өзгеруі сияқты жағдайлар болуы мүмкін;
- Әр баланың бейімделу уақыты әртүрлі болатыны түсіндіріледі.

3. Ата-аналарға практикалық кеңестер:

- Баланы бөбекжай туралы жағымды әңгімелер арқылы дайындау;
- Алғашқы күндері баламен қоштасуды қысқа әрі сенімді жүргізу;
- Үйдегі күн тәртібін бөбекжай тәртібіне жақындату;
- Баланың сүйікті ойыншығын бірге әкелуге мүмкіндік беру;
- Баланың сезімін түсініп, оған қолдау көрсету;
- Тәрбиешімен үнемі байланыста болу.

4. Пікір алмасу бөлімі

Сұрақтар:

- Балаңыздың бөбекжайға алғашқы келген күндері қандай қиындықтар болды?
- Балаңыздың көңіл-күйін көтеру үшін қандай әдістер қолданасыз?
- Тәрбиеші мен ата-ана қандай әрекеттерді бірлесіп атқаруы керек?

5. Қорытынды

- Баланың бөбекжайға бейімделуі – біртіндеп жүзеге асатын үдеріс;
- Ата-ананың сабырлылығы, қолдауы және тәрбиешімен байланысы баланың тез үйренуіне көмектеседі.

Күтілетін нәтиже:

Ата-аналар баланың бейімделу кезеңінің ерекшеліктерін түсінеді, балаға дұрыс қолдау көрсету жолдарын меңгереді және бөбекжай мен отбасы арасындағы ынтымақтастық нығаяды.



Батыс Қазақстан облысы
Казталов ауданы
"Нұрхан"ЖК «Балбөбек» жеке бөбекжайы

Тренинг:

Тақырыбы:

«Отбасындағы дұрыс қарым- қатынас»

Тәрбиеші: Т.Т.Қабдықалықова

2023-2024 жыл

Тренинг тақырыбы: **«Отбасындағы дұрыс қарым-қатынас»**

Мақсаты:

Отбасындағы жылы, сенімді қарым-қатынастың бала тәрбиесіндегі маңызын түсіндіру, ата-аналардың бір-бірімен және балаларымен тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

- Отбасындағы жағымды қарым-қатынастың бала дамуына әсерін түсіндіру;
- Ата-аналарға бір-бірін тыңдау, түсіну және қолдау көрсету тәсілдерін үйрету;
- Баламен қарым-қатынаста мейірімділік пен сабырлылықтың маңызын көрсету;
- Отбасындағы өзара сыйластық пен сенімділікті нығайту.

Тренинг барысы:

1. Кіріспе бөлім

«Жылы лебіз» жаттығуы

- Қатысушылар бір-біріне жағымды сөздер айтып, жақсы көңіл күй қалыптастырады.
- Тренингтің мақсаты мен тақырыбы таныстырылады.

2. Негізгі бөлім

«Отбасы – бала үшін алғашқы тәрбие ортасы» тақырыбындағы әңгіме

- Баланың мінез-құлқы мен эмоционалдық дамуына отбасы қарым-қатынасының әсері;
- Үйдегі ата-ана арасындағы сыйластықтың балаға үлгі болуы;
- Баланы тыңдау, оның пікірін құрметтеу қажеттілігі.

3. Практикалық жаттығулар

«Менің отбасымның құндылықтары» жаттығуы

- Әр ата-ана өз отбасындағы маңызды құндылықтарды атап өтеді (сыйластық, қамқорлық, сенім, махаббат).

«Бала жүрегі» жаттығуы

- Ата-аналар балаға айтылатын жылы сөздердің маңызын түсінеді;
- Баланы қолдау мен мадақтаудың тиімді жолдары талқыланады.

«Ситуациялық тапсырмалар»

Мысалы:

- Бала ашуланғанда ата-ана қалай әрекет етуі керек?
- Бала ата-анасының сөзін тыңдамаса, қандай тәсіл қолдануға болады?
- Отбасындағы келіспеушілікті қалай дұрыс шешуге болады?

4. Ата-аналарға кеңестер:

- Баламен күн сайын жылы қарым-қатынас орнатуға уақыт бөлу;
- Баланың сезімін тыңдап, түсінуге тырысу;
- Сын айтқаннан гөрі, дұрыс бағыт көрсету;
- Отбасында бір-біріне құрметпен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;
- Баламен бірге жағымды уақыт өткізу.

5. Қорытынды бөлім

«Бақытты отбасы формуласы»

Қатысушылар отбасы бақытының негізгі шарттарын атайды:

- махаббат;
- түсіністік;
- сенім;
- сыйластық;
- қолдау.

Күтілетін нәтиже:

Ата-аналар отбасындағы дұрыс қарым-қатынастың бала тәрбиесіндегі рөлін түсінеді, өзара сыйластық пен жағымды байланыс орнатудың тиімді әдістерін меңгереді.



"Нұрхан"ЖК «Балбөбек» жеке бөбекжайы

ШЕБЕРЛІК СЫНЫП:

ТАҚЫРЫБЫ:

**«ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – ҰЛТ
БОЛАШАҒЫ»**

Тәрбиеші: Д.Г.Исмагулова

2023-2024 оқу жылы

Шеберлік сыныбының тақырыбы:

«Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы»

Мақсаты:

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, ата-аналар мен педагогтерге ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрдің бала тәрбиесіндегі маңызын түсіндіру, ұлттық мұраны бала бойына сіңіру жолдарын көрсету.

Міндеттері:

- Ұлттық тәрбие ұғымының мәнін ашу;
- Салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың тәрбиелік маңызын түсіндіру;
- Баланың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда отбасының рөлін көрсету;
- Ұлттық колөнер, ойындар мен дәстүрлерді тәжірибе жүзінде таныстыру.

Шеберлік сыныбының барысы:

1. Кіріспе бөлім

«Ұлттық құндылық – рухани қазына»

- Қатысушылармен амандасу;
- Ұлттық тәрбиенің бала өміріндегі орны туралы қысқаша түсінік беру;
- «Ұлт болашағы – тәрбиелі ұрпақтан басталады» тақырыбында ой бөлісу.

2. Негізгі бөлім

«Ұлттық тәрбие негіздері» таныстырылымы

- Қазақ халқының бала тәрбиесіне қатысты салт-дәстүрлері:
 - Шілдехана – сәбидің дүниеге келуін қуанышпен қарсы алу;
 - Бесікке салу – балаға деген қамқорлық пен ізгі тілектің көрінісі;
 - Тұсаукесер – баланың алғашқы қадамына ақ жол тілеу;
 - Бата беру – үлкендердің ақ тілегі мен тәрбиелік мәні.

«Дәстүрді дәріптейік» шеберлік бөлімі

- Ұлттық бұйымдармен таныстыру;
- Қолөнер үлгілерін көрсету (ою-өрнек, қамшы өру, қағаздан ұлттық нақыштағы бұйымдар жасау);
- Ұлттық ойындарды таныстыру:
 - асық ойындары;
 - арқан тарту;
 - тоғызқұмалақ элементтері.

3. Практикалық бөлім

«Ұлттық мұраны жалғастыр» тапсырмасы

Қатысушылар:

- Берілген салт-дәстүрдің тәрбиелік мәнін түсіндіреді;

- Балаға үйрету жолдарын ұсынады.

«Менің отбасымдағы ұлттық тәрбие» ой бөлісу

- Отбасында сақталатын дәстүрлер;
- Балаларға үйретіліп жүрген ұлттық құндылықтар туралы пікір алмасу.

4. Ата-аналарға ұсыныстар:

- Баламен бірге ұлттық мерекелер мен дәстүрлерге қатысу;
- Үйде қазақтың ертегілерін, мақал-мәтелдерін қолдану;
- Үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу қағидаларын көрсету;
- Ұлттық ойындар арқылы баланың ойлау қабілеті мен қызығушылығын дамыту;
- Отбасылық дәстүрлерді қалыптастыру.

5. Қорытынды бөлім

«Ұлттық тәрбие – мәңгілік мұра»

- Қатысушылар өз ойларымен бөліседі;
- Ұлттық құндылықтарды сақтау және келесі ұрпаққа жеткізу туралы қорытынды жасалады.

Күтілетін нәтиже:

Қатысушылар ұлттық тәрбиенің бала тұлғасын қалыптастырудағы маңызын түсінеді, салт-дәстүрлерді күнделікті тәрбие үдерісінде қолдану жолдарын меңгереді және ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағыт алады.



**«Нұрхан» ЖК
«Балбөбек» жеке бөбекжайы**

Практикалық кеңес:

Тақырыбы:

«Ерте жастағы сөйлеуді дамыту»

Тәрбиеші: А.Н.Мусадиева

2023-2024 жыл

Практикалық кеңес тақырыбы: «Ерте жастағы сөйлеуді дамыту»

Мақсаты: Ата-аналарға ерте жастағы балалардың сөйлеу қабілетін дамыту жолдарын түсіндіру, үй жағдайында қолдануға болатын тиімді әдістермен таныстыру.

Міндеттері:

- Баланың сөйлеу дамуының маңызын түсіндіру;
- Үйде орындалатын қарапайым сөйлеу жаттығуларын көрсету;
- Ата-аналарды баламен дұрыс қарым-қатынас жасауға бағыттау.

Қатысушылар:

Бөбекжай тәрбиеленушілерінің ата-аналары.

Кеңес барысы

1. Кіріспе бөлім

Құрметті ата-аналар! Баланың алғашқы сөздері, дыбыстарды дұрыс айтуы және өз ойын жеткізе білуі – оның жалпы дамуының маңызды бөлігі. Сөйлеу қабілеті ерте жастан бастап қалыптасады. Баламен күнделікті сөйлесу, бірге ойнау және кітап оқу – сөйлеуді дамытудың ең тиімді жолдары.

2. Негізгі бөлім

Үй жағдайында сөйлеуді дамыту әдістері

1. Баламен көбірек сөйлесу

- Күнделікті әрекеттерді сөзбен айтып отыру:
«Біз қолымызды жуып жатырмыз», «Қазір ойыншықты орнына қоямыз».
- Баланың сұрақтарына толық жауап беру.
- Баланың айтқан сөзін тыңдап, қолдау көрсету.

2. Кітап оқу және әңгімелеу

- Баламен бірге суретті кітаптарды карау;
- Сурет бойынша әңгіме құрату;
- Ертегі оқып, кейіпкерлер туралы сұрақ қою.

Мысалы:

- «Суретте не көріп тұрсың?»
- «Бұл кім?»
- «Ол не істеп жатыр?»

3. Саусақ ойындары мен тақпақтар

Саусақ жаттығулары баланың ұсақ моторикасын дамытып, сөйлеу белсенділігіне ықпал етеді.

Мысалы:

«Бас бармақ – атам,
Балан үйрек – әжем...»

4. Дыбыстық жаттығулар

- Жануарлардың дыбысын салу;
- Әртүрлі дыбыстарды қайталау;
- Артикуляциялық жаттығулар жасау.

Мысалы:

«Мияу-мияу» – мысық,

«Ау-ау» – ит.

5. Ойын арқылы сөйлеуді дамыту

Ұсынылатын ойындар:

- «Бұл не?»
- «Кім қалай дыбыстайды?»
- «Суретті тап»
- «Жалғастыр»

Ойын барысында баланы толық сөйлем айтуға ынталандыру.

3. Практикалық тапсырма

«Сурет бойынша әңгіме құра» ойыны

Ата-аналарға сурет ұсынылады. Олар баламен бірге:

- суреттегі заттарды атайды;
- олардың түсін, көлемін сипаттайды;
- қарапайым сөйлем құрайды.


4. Ата-аналарға кеңестер

- Баланы сөйлеуге мәжбүрлемсіз, қызығушылығын оятыңыз;
- Баламен сөйлескенде анық және баяу сөйлеңіз;
- Баланың әрбір жана сөзін мадақтаңыз;
- Телефон мен теледидар уақытын шектеп, тірі қарым-қатынасқа көбірек көңіл бөліңіз.

Қорытынды:

Баланың сөйлеу қабілетінің дамуы – күнделікті қарым-қатынастан басталады. Ата-ананың жылы сөзі, бірге ойнауы және баланы тыңдай білуі – дұрыс сөйлеудің негізі.

Назарларыңызға рахмет!



«Нұрхан» жеке кәсіпкер
«Балбобек» жеке бобекжайы

Шеберлік сынып:
Тақырыбы:

«Дамытушы ойындар маңызы»

Тәрбиеші: Т.К.Жумағалиева

2023-2024 жыл

Іс-шараның мақсаты:

Ата-аналарға үй жағдайында қолдануға болатын дамытушы ойындардың маңызын түсіндіру, балалардың ойлау қабілетін, шығармашылығын, есте сақтауын, зейінін және ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған тиімді ойын түрлерімен таныстыру. Баланың жан-жақты дамуына ойын арқылы қолдау көрсету жолдарын көрсету.

Іс-шараның міндеттері:

- Дамытушы ойындардың бала тәрбиесі мен дамуындағы ролін түсіндіру;
- Үй жағдайында қолдануға болатын қарапайым әрі тиімді ойын түрлерін таныстыру;
- Ата-аналарды баламен бірлесіп ойнауға, қарым-қатынасты нығайтуға бағыттау;
- Балалардың танымдық белсенділігін арттыруға көмектесетін әдіс-тәсілдерді көрсету;
- Ата-аналардың педагогикалық білімдерін жетілдіру.

Іс-шараның өзектілігі:

Баланың дамуы мен қалыптасуында ойынның алатын орны ерекше. Мектеп жасына дейінгі кезеңде бала қоршаған ортаны ойын арқылы танып, жаңа білім мен дағдыларды меңгереді. Дамытушы ойындар баланың ойлау қабілетін жетілдіріп қана қоймай, оның тілін, қиялын, зейінін, есте сақтауын және әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға ықпал етеді.

Қазіргі таңда ата-аналарға баламен үй жағдайында тиімді уақыт өткізу, пайдалы ойындарды таңдау маңызды. Осы шеберлік сыныбы барысында ата-аналарға қарапайым заттар арқылы жасалатын, баланың дамуына оң әсер ететін ойын түрлері ұсынылады.

Іс-шараның мазмұны:

Шеберлік сыныбы барысында тәрбиеші дамытушы ойындардың бала өміріндегі маңызы туралы түсіндіреді. Ата-аналарға үйде қолдануға болатын ойындардың түрлері көрсетіледі.

Іс-шара барысында:

- Саусақ ойындары – баланың ұсақ қол моторикасын дамытуға, сөйлеу қабілетін жетілдіруге бағытталған жаттығулар;
- Сұрыптау және топтастыру ойындары – баланың логикалық ойлауын, салыстыру қабілетін дамытуға арналған тапсырмалар;
- Паздар мен құрастыру ойындары – кеңістікті бағдарлау, шыдамдылық пен зейінді дамытуға көмектесетін ойындар;
- Сөздік ойындар – баланың сөздік қорын молайтып, байланыстырып сөйлеуін дамытуға арналған жаттығулар;
- Шығармашылық ойындар – сурет салу, мүсіндеу, түрлі материалдармен жұмыс жасау арқылы баланың қиялын дамыту жолдары көрсетіледі.

Ата-аналар практикалық бөлімге қатысып, ойындарды өздері орындап көреді. Тәрбиеші әр ойынның мақсатын, орындалу жолын және бала дамуына әсерін түсіндіреді.

Практикалық бөлім:

Шеберлік сыныбы барысында ата-аналарға:

- Үйде бар қарапайым заттардан дамытушы ойындар жасау;
- Баламен ойынды дұрыс ұйымдастыру;
- Баланың қызығушылығын арттыру тәсілдері;
- Ойын барысында баланы қолдау және мадақтау жолдары көрсетіледі.

Күтілетін нәтиже:

- Ата-аналар дамытушы ойындардың бала дамуындағы маңызын түсінеді;
- Үй жағдайында қолдануға болатын ойын түрлерін меңгереді;
- Баламен тиімді қарым-қатынас орнату жолдарын үйренеді;
- Балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алады;
- Ата-ана мен бала арасындағы жағымды қарым-қатынас нығаяды.

Қорытынды:

«Дамытушы ойындардың маңызы» атты шеберлік сыныбы ата-аналарға баланың дамуына ойын арқылы қолдау көрсетудің тиімді жолдарын үйретуге бағытталған. Ойын – баланың негізгі әрекеті, оның қоршаған ортаны танып-білуіне, ойлау қабілетін жетілдіруіне және тұлғалық дамуына үлкен мүмкіндік береді. Үйде дұрыс ұйымдастырылған ойындар балаға қуаныш сыйлап қана қоймай, оның болашақ дамуына берік негіз қалайды.

